

## **Жалақы туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің өкімі 5 қазан 1993 ж. N 437-ө

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының заңды құқығын қорғау және бұрынғы КСРО-ның шет елдердегі мекемелерінде жұмыс істеген кезде тапқан, бұрынғы КСРО Сыртқы экономикалық банкі төлеуді тоқтатып тастаған валюта қаражатын өтеу мақсатында, Қаржы министрлігіне, тиісті құжаттар болған жағдайда орын алып отырған қарызды төлеу туралы шешім қабылдауға рұқсат етілсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасы азаматтарының бұрынғы КСРО-ның шет елдердегі мекемелерінде жұмыс істеген кездегі жалақысы бойынша қарызын төлеуді Республикалық валюта қоры қаражатының есебінен жүзеге асырсын.

Премьер-министр